

МҒТАР 16.21.51

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss1pp32-41](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss1pp32-41)

Д.Ә. Балтабай

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақстан Республикасы

«ШЕЖІРЕ-И ТЕРАКИМЕ» ЕҢБЕГІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН НӨКЕР, ОЛЖА, МЕРГЕН СӨЗДЕРІНІҢ МАҒЫНАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түркі-моңғол тіл бірлестігіне қатысты лингвистикалық зерттеулер, түркі тілдері мен моңғол тілдері арасындағы генетикалық туыстықты айқындау, олардың бір-біріне ықпалы мен қарым-қатынасын зерделеу алтайтану бағытында өте маңызды мәселе болып саналады. Зерттеу мақалада «Шежіре-и теракиме» еңбегінде кездесетін нөкер, олжа, мерген сөздерінің семантикалық ерекшеліктері қарастырылады. Аталған сөздердің мағыналық ерекшеліктері (ауыспалы және тура мағыналары), түркі және моңғол тілдеріне ортақ тіл бірліктерінің дыбыстық, морфологиялық, лексика-семантикалық сипаты зерделенеді. Түркі және моңғол тілдерінің тарихи тұрғыда сабақтасуы, өзара қарым-қатынасы, аталмыш тілдерге ортақ түбірлер жайлы ғылыми пікірлер, тұжырымдар көрсетіледі. Сол секілді талданып отырған мерген, олжа, нөкер сөздерінің түркі, моңғол тілдеріндегі нақыл сөздер, мақал-мәтелдер құрамындағы қолданысы, лексика-семантикалық ортақтықтары мен айырмашылықтары жайлы сөз болады. Талданып отырған сөздерге қатысты алтайтанушы, түркітанушы ғалымдардың ғылыми-теориялық тұжырымдары салыстырылып, ғалымдардың гипотезалық пікірлері беріледі. «Шежіре-и теракиме» шағатай тілінде жазылған орта ғасырлық шығарма. Оның лексикалық қабаты түркі, моңғол, араб, парсы элементтерін қамтиды. Тарихи тіл білімі саласында моңғол сөздері мен түркі сөздерінің өзара қарым-қатынасы, тарихи даму сатысы жайлы көзқарастар гипотезалық деңгейде зерттеліп келеді.

Кілт сөздер: лексикалық қабат, семантика, этимология, алтай тілдері, түркі тілдері, моңғолизмдер.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Біздің зерттеуіміз жоғарыда атап өткендей, тарихи тіл білімі үшін сөздердің семантикасын, этимологиясын, сөзжасамдық қабілетін айқындау, тіл бірліктерінің қолданылу аясын саралау, тарихи мәтіндердегі лексикалық қордың статистикалық санын анықтау маңызды болғандықтан, «Шежіре-и теракиме» еңбегінің лексикалық қабатына талдау жүргізу қажеттілігі туындап отыр. Себебі тарихи шығармалар тілін салыстырмалы және салғастырмалы әдістер арқылы зерделеу сөздердің мағынасы мен қалыптасу, даму жолын айқындауға үлкен мүмкіндік береді. Мақалада «Шежіре-и теракиме» шығармасында кездесетін *нөкер, олжа, мерген* сөздеріне семантикалық талдау жасалады. Аталған сөздер түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде актив қолданыста бар болғандықтан, оның тарихи түп негізін, этимологиясын анықтау зерттеудің басты мақсаты болды. Түркітанушы ғалымдар арасында лексикалық бірліктердің қайсысы моңғолдікі, қай сөз түркінікі екенін айқындап көрсету тілдік тұрғыдан да, тарихи сипаты жағынан да гипотезалық деңгейде жазылып келеді. Аталмыш мақала соның ара жігін ажыратып көрсетуге негіз бола алады. Зерттеу барысында Ғалым Г. Рамстедт пен М. Фасмердің *мерген* сөзінің этимологиясына қатысты гипотезасы, ғалым Б. Базылханның *нөкер* сөзіне қатысты ой-тұжырымы, Э.В. Севортянның *олжа* сөзінің шығу тегіне қатысты ғылыми-теориялық пікірлері сөз болады. Сонымен бірге талданып отырған тіл бірліктерінің моңғол, түркі тілдерінде актив қолданылуы, мағыналық жақтан ортақтықтардың болуы «Алтай тілдері теориясы» тұжырымының ғылыми негізі бар екендігін айғақтайды.

КІРІСПЕ

Алтай тілдері тобына кіретін түркі халықтары мен моңғол халықтары арасындағы этностық, тілдік, мәдени байланыстар жайлы зерттеулер жасалса да, әлі де болсын шешімін таппаған мәселелер аз емес. Ғасырлар бойы бір территориялық аймақты қатар мекен еткен қыпшақ тобына кіретін қарақалпақ, қазақ, ноғай, башқұрт, татар халықтары мен моңғол халықтары арасында үздіксіз қарым-қатынастың орнауы, олардың тіліндегі екі жақтылы кірмелік процестің кезең-кезеңімен ұдайы қайталанып отыруының нәтижесінде ортақ сөздердің саны толығып, бір-біріне сіңісіп кетуі түркі және моңғол тілдері арасындағы тарихи-генетикалық жақтан айқындауды күрделендіре түсті. Түркі-моңғол тілдеріндегі ортақ лексикалық бірліктерді біржақты жүйелеп, реттеп, жинақтауға, лингвистикалық байланысты, хронологиялық даму сатыларды зерделеуге, әр кезеңнің өзіне тән ерекшеліктерін саралауға мүмкіндік беретін кешенді талдау-зерттеулер әлі де болсын терең ізденістерді талап етуде.

Түркі-моңғол тілдерінде кездесетін көптеген ортақ элементтердің бәрін де кірме лексикалық бірліктер деп қарауымызға болмас. Мұндай ортақ тілдік элементтердің саны көп және олардың барлығы да белгілі бір фонетикалық, грамматикалық заңдылықтар бойынша қалыптасқан. Бұл мәселені зерттеу барысында тарихи тіл білімінде ортақ түбір тақырыбына терең тоқталуымызға тура келеді. Көне сөздік қорда ұшырасатын түбір сөздердің, есімдіктердің, сын есімдердің, етістіктердің, еліктеуіш сөздердің, жалпы алғанда, бір тілден екінші тілге ауысу қабілеті аз болып келеді. Дәл сол секілді өтімсіз тіл бірліктерінің моңғол, қазақ тілдерінде, көне сөздер құрамында жиі кездесіп отыруы – түркі, моңғол тілдерінің генетикалық туыстығы бір екенін байқатып та отырады. Тілді тек қарым-қатынас құралы ғана емес, антропоэлектік аспектіде алып зерттеу – тілдің когнитивті-танымдық функциясының ерекше екендігін, ұлттық мазмұнды бойына жинақтаушы қасиетке ие екендігін көрсетеді.

Зерттеу барысында Әбілғазы Баһадүр ханның «Шежіре-и теракима» еңбегінде кездесетін *нөкер, олжа, мерген* сөздерінің түркі-моңғол тілдеріне қатыстылығы турасында, олардың мақал-мәтелдер мен афоризмдер құрамындағы қолданылу ерекшелігіне, семантикалық ортақтықтар мен алшақтықтар тұрғысында салыстырмалы талдаулар жасалады. «Шежіре-и теракима» XVII ғасырда шағатай жазба тілінің негізінде жарық көрген туынды. Аталмыш шығармаға қатысты бұған дейінгі тілдік зерттеулер оның лексикалық қабаты түркі, моңғол, араб, парсы сөздерінен тұратындығын көрсетіп отыр. Сондай-ақ шығарма тіліндегі оғыз, қыпшақ, қарлұқ-ұйғыр элементтерінің араласып қолданылуы шағатай тілінің түркі халықтарына ортақ жазба тіл болғандығын көрсетеді. Демек бұл жерде түркі тілдерінің, оның ішінде қыпшақ тобына кіретін қазақ тілінің де тікелей үлесі бар. Сондықтан біз нысан етіп алған тарихи еңбекті лексика-семантикалық тұрғыдан зерделеу, ондағы түркі, моңғол сөздерінің этимологиясын анықтау, олардың тарихи қалыптасу жолын саралау, қазіргі қазақ тілі мен шағатай тілі арасындағы тарихи сабақтастықты айқындау зерттеудің өзектілігін аңғартады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Әбілғазы Баһадүр ханның «Шежіре-и теракима» еңбегі орта ғасырға тән шығарма. Оның лексикасында көне түркілік элементтерімен қатар араб, парсы, моңғол сөздері де жиі кездеседі. Мақалада аталмыш шығарма тіліндегі қазақ, моңғол тілдеріне ортақ тілдік элементтерге семантикалық тұрғыда талдаулар жасалады. Моңғол элементтері ретінде қарастырылып жүрген тіл бірліктерін өзге де туыс және туыстас емес түркі тілдері материалдарымен салыстыра отырып, ондағы ортақтықтар мен айырмашылықтар сараланады. Түркі және моңғол тілдерінің өзара байланысын анықтауда салыстырмалы алтай тіл білімінде, түркітану мен моңғолтану салаларында, ең біріншіден, зерттеу нысаны ретінде дыбыстық сәйкестіктер, грамматикалық тұлғалар, лексикалық бірліктер қарастырылады. Сол себепті тарихи шығармада кездесетін тілдік бірліктерді зерттеу нысанына алып, ондағы

сөздердің тарихи өзгерістерін, тарихи дамуын айқындауды мақсат еттік. Мақаланың теориялық тұжырымындарын айқындауда анализдеу әдісі, семантикалық талдау әдісі, сипаттамалы әдіс, тарихи-салыстырмалы, тарихи-салғастырмалы әдіс-тәсілдер қолданылды.

НӘТИЖЕЛЕР

Қазіргі таңда түркі жазба ескерткіштерін зерттеу алтайтану мен түркітану ғылымында айрықша маңызды болып саналады. Руникалық жазба ескерткіштер, ортағасырлық түркі жазба ескерткіштері туралы деректер тіл мамандары үшін құнды материал екені белгілі. Мұндай жазбалар әдеби түркі тілдерінің тарихы туралы, сондай-ақ көне түркі тілінің негізінде қалыптасқан қазақ тілі туралы да құнды мәліметтер береді [1, 7].

«Шежіре-и теракиме» еңбегінде кездесетін түркі, моңғол тілдеріне ортақ сөздердің бірі – *nöker*. Аталған сөздің тарихи мәтіндегі қолданыс ерекшелігі: *Andın soñ bir niçesi köç birlen ve bir niçesi yol birlen üç yurtda bir ivli қалмай барқасы Hārezmğa keldiler taқи yahşıları nöker ve yamanları raiyyet boldılar* (Одан кейін бірнеше көшпен, бірнеше жолмен үш жұртта да ешқайсы қалмай барлығы Хорезмге келді, сонымен қатар жақсылары нөкерлері де, жамандары да болды) [2, 109]. Сол секілді, тарихи шығарма тілінде *нөкер* сөзі жиі кездесетін сөздердің бірі болып саналады.

Ғалым Б. Базылхан моңғол тілінде *нөхөр* «жолдас, дос» мағынасында қолданылатындығын былайша көрсетеді: *Нөхөр* «жолдас, дос», *хэн нь ≈ хэн нь дайсан болохыг ялгах* «кімі дос, кімі қас екенін айыру», *≈ ийн чанар зовох чагт танигдана* «достың қасиеті қиыншылықта танылады», *нөхөр хань* «ерлі-зайып». Ал етістік тұлғасындағы *нөхөрлө-х* «достасу, серіктесу» деген мағынаны береді. Моңғол тілінде *Нөхөртэй* «досы көп, жолдасы көп», *нөхөртэй* «күйеуі бар, ері бар» мағынасындағы тіркестер болып қолданылады [3, 342].

Нукер монғ. *nökör nökür* «друг»; у монғолов этим термином обозначался «свободный воин; у тюркских народов этим термином обозначался «военный слуга» [4, 80].

Моңғол тілінде «дос, жолдас» мағынасындағы *нөхөр* сөзімен келген мақал-мәтелдер қолданысына мынадай мысалдар келтіре аламыз:

Адуунд ижил хэрэгтэй, хүнд нөхөр хэрэгтэй (посл.). Лошади для пары нужна другая лошадь, человеку нужен товарищ.

Адуунд манаа хэрэгтэй, аливаад нөхөр хэрэгтэй (посл.). Табуну сторож нужен, в любом деле – друг. эквивалент: Дружно – не грузно, а врозь – хоть брось [5, 93].

Зуун төгрөгтэй явснаас, зуун нөхөртэй явсан нь дээр (посл.). Лучше иметь сто друзей, чем иметь сто тугриков. эквивалент: Не имей сто рублей, а имей сто друзей [5, 116].

Сайн моринд эзэн олон, сайн хүнд нөхөр олон (посл.). У доброго коня много хозяев, а у хорошего человека много друзей. эквивалент: Дерево держится корнями, а человек – друзьями [5, 138].

Сайн моринд газар ойр, сайн хүнд нөхөр ойр (посл.). Для хорошей лошади любой путь близок, для хорошего человека друг близок [5, 139].

Сүүдрээс өөр нөхөргүй, сүүлнээс өөр ташуургүй (посл.). Нет друга кроме тени, нет кнута кроме хвоста [5, 142].

Хэнтэй нөхөрлөвөл, түүнтэй ижилсэнэ (посл.). С кем будешь дружить, на того и станешь похож [5, 158].

Neg ödör tanıltsaad

Myangan ödör nөxörlө.

Bir gün tanış,

Bin gün arkadaşlık уар (Бір күн таныс болғанға, мың күн жолдастық қыл) [6, 58].

Xünii sainig nөxörlөj medne

Morini sainig unaj medne.

İyi insanı arkadaş olunca bilirsin,

İyi atı da binince bilirsin. (Адамның жақсысын дос болғанда білерсің, Аттың жақсысын мінгенде білерсің) [6, 58].

Сондай-ақ, бурят тілінде *нүхэр* «товарищ, друг» деген мағынада қолданыста кездеседі: *зуун солхообһоо нэгэ һайн нүхэр дээрэ* «один хороший друг дороже ста рублей». Ескі моңғол тілінде (старомонг.) *ашадын нүхэр* тіркесі «постоянный друг» мәнін білдірсе, *үнэн нүхэр* «верный друг» мағынасында қолданылған. Сол секілді *нүхэр нукер* тіркесі ескі моңғол (старомонг.) тілінде «член военной дружины» мағынасында қолданыста болған [7, 620]. «Древнетюркский словарь» этимологиялық сөздігінде *nökär//nükär* сөздері моңғол тілінде «соратник, боевой друг, дружинник, слуга» мағынасын білдіретіндігі берілген. Аталмыш сөздіктен Оғыз-қаған аңыздарында *нукер* сөзінің жиі қолданыста болғанын да көрумізге әбден болады: *Nükärlärnün el künniñ qamañi munï kördilär* – нукеры и весь народ все это увидели [8, 361].

Қазіргі қазақ тілінде *нөкер* сөзі тіліміздің актив қабатында да, пассив қабатында да түрлі мағыналық реңкте қолданылады: *Нөкер* 1. Патша, хан, ақсүйектердің қасына еріп жүріп, қызмет ететін әскер, қол, жауынгер. 2. тар. Қазақтарда және Орта Азиялық түркі халықтарында ақсүйектердің соғыс кезінде жанына алып жүретін жауынгер, бейбіт кезде күзетші қызметін атқарған әлеуметтік топ өкілі. 3. Дәулетті, ауқатты ақсүйектер мен билеуші тап өкілдерінің қасына еріп жүретін қызметші, күзетшісі [9, 572]. *Нукер* сөзі «жолдастық, достық» мағынасында моңғол тілінде жиі қолданылса, түркі тілдерінде «қызметші, көмекші» мағынасында актив қолданыста келеді.

«Шежіре-и теракиме» еңбегінде ұшырасатын түркі тілдері мен моңғол тілдеріне ортақ сөздердің бірі – *olca / олжа*. Аталмыш шығарма мәтнінде *олжа* сөзі мынадай контексте келеді: *Ol fikr kılıp arabanı yasadı, andın körgenler barça araba yasap olcalarını yükler kaytdılar* (Ол ойланып жүк таситын арба жасады, одан көргендер де арба жасап, олжаларын соған артып қайтты) [2, 131].

Моңғол тілінде *олжа, олбор, олз* сөздері «олжа, табыс» деген семантикалық мәнде жұмсалады: \approx *толбор* табылған зат, қолға түскен зат; нәрсе дәмету, *олзло-х, олзлуула-х* – олжалау, қолға түсіру [3, 365]. Моңғол мақал-мәтелдерде *олжа* сөзімен түбірлес «выгода» мәнінде *олз* сөзі қолданыста бар: «*Олзны бага нь амттай* (посл.). И малая выгода вкусна. эквивалент: Лучше меньше, да лучше. Мал золотник, да дорог» [5, 127]. *Олжа* сөзі «Шежіре-и теракиме» шығармасында *olca* «ganimet» (яғни, қолға түскен мал-мүлік, дүние, табыс) мағынасында кездеседі [2, 430].

Тува тіліндегі *олча* сөзінің мағынасы «находка, добыча, выгода, удача» болып келеді. *Олча-ажык* «доход, доходность; олчала – «грабитель». Қазіргі түркі тілдеріндегі *олжа* сөзі мен тофа тіліндегі *ольча* «добыча, трофей» сөзі бір-біріне сәйкес келеді. *Олжа* түркімен, қырғыз тілдерінде «добыча (на войне, на охоте)», татар диалектінде «польза», ноғай, қазақ, қарақалпақ, башқұрт, өзбек, ұйғыр диалектілерінде «преимущественно военная», құмық тілінде «жена», алтай, телеуит «узы, кандалы» деген семантикалық мағынада қолданылады. *Олжа* заимствовано из монгольских языков, видимо, не ранее эпохи монгольских походов, о чем можно до известной степени заключить по отсутствию этого слово в тюркских памятниках ранее XIV в., в частности, в словаре Махмуда Кашгарского. На монгольское происхождение *олжа* в тюркских языках указывал Г. Рамстедт еще в своем калмыкско-немецком словаре. *Олжа* производное от глагола *ол-/олох* «находить, доставать, добывать, приобретать, получать, зарабатывать, достигать» [10, 446-447].

Қазіргі қазақ тілінде *олжа* сөзінің беретін семантикалық мағыналары: *Олжа* 1. Тосыннан, ойламаған сәтте қолға түскен кіріс. 2. Тиімді, жағымды, пайдалы нәрсе, іс т.б. 3. көне. соғыстан түсетін пайда [9, 667-668]. *Олжа / олча* формаларынан *ж//ч* фонетикалық айырмашылықтарын байқай аламыз.

«Шежіре-и теракиме» еңбегінде кездесетін түркі, моңғол тілдеріне ортақ лексикалық бірліктің бірі – *мэргэн / mirgen*. *Mirgen* сөзінің аталмыш шығармадағы қолдану ерекшелігі: *Ol acāyib bahādır ve mirgen ve alp irdi* (Ол өте күшті, ғажайып баһадүр және мерген батыр еді) [2, 181].

Моңғол тілінде *мэргэн* 1. мерген, тигізгіш (аңға, нысанаға); *ан авлахад* \approx аң аулағанда мерген; \approx *харваач* мерген, атқыш, дәл тигізгіш; 2. балгер, сәуегей, құмалақшы, бал ашушы; \approx

боловч алддаг, мэлхий боловч шаварддаг – балгер де былығар, бақа да батпақтар; 3. дана, кеменгер: *мэргэн үг* нақыл сөз, түйінді ой; *цэцэн мэргэн* шешен, сөзшен, тілмар [3, 317]. Моңғол тіліндегі мақал-мәтелдер құрамында *мэргэн* сөзі «мудрец», «меткий» мағынасында келеді:

Гэртээ суусан мэргэнээс, хэсэж явсан тэнэг дээр (посл.). Побродивший по миру дурак лучше мудреца, просидевшего дома [5, 111].

Мэддэгт үг хэл, мэргэнд гөрөөсийг шах (посл.). Понимающему слово – скажи, меткому стрелку – (диких) коз подгони [5, 123].

Түрік ғалымы З.К. Өлмез «*Şecere-i Terākime (Türkmenlerin Soykütüğü)*» зерттеу еңбегінде *mirgen* сөзіне «aticı, nişancı, uğıt» (яғни, атқанын тура тигізетін мерген, жігіт) деген түсіндірме береді [2, 419].

Аталған *мерген* сөзі қазақ, қырғыз, қарақалпақ, түрік, ұйғыр, тува, алтай тілдерінде *мерген* тұлғасында келеді, ал ноғай тіліндегі формасы *мергин*, чуваш тілінде *меркён* тұлғасымен, өзбек тілінде *мергэн* деп келсе, түрік тілінің диалектісінде *merket*, татар тілінде тілінде *мэргэн*, хакас тілінде *мирген* тұлғасында, якут тілінде *берген* деген тұлғада қолданылады. Тува тілінде *берген* сөзінің беретін мағынасы – «умный, мудрый, гениальный, прозорливый, умелый, способный» [7, 559].

Мерген сөзінің этимологиясына қатысты түркітанушы ғалымдар төмендегідей гипотезаларды көрсетеді: «*Мерген* заимствовано из монг. языков. письм. монг. *mergen* «мудрец, умный» калмак. мергн *меткий стрелок, меткий лучник, искусный*, бурят. мэргэн *меткий стрелок*. Об этимологии монг. *mergen* где высказано предположение о его производности от **mer* – «подкрадываться, целиться» где автор исходит из первичного значение «дельный» «хороший знаток», а потому отвергает этимологию Г. Рамстедта и предположение М. Фасмера [7, 600] об индо-иранском происхождении *mergen* (др. –инд. *mrgayús* «охотник», *mrgyati* «охотиться») и особенно, где на основе тунг.-маньчж. данных восстанавливается монг. глагол **merge-* со значением «быть в горе, попасть в беду», а его близость с *mergen* подтверждается семантической параллелью венг. *gond* «забота» и *gondolkodik* «думать, мыслить» (→ «отдавать себе отчет» - «делать что-л. хорошо, точно, сознательно» напр., «стрелять в цель») [8, 61-62].

Қазіргі қазақ тіліндегі *мерген* сөзінің түсіндірмесі: *Мерген* 1. Көздегенін дәл атып алатын атқыш адам, аңшы. 2. Атқанынан жаңылыспай жауын жеңетін мықты жауынгер. 3. Қазіргі кезде әскери күштік құрылымдар санатындағы арнайы шыныққан, нысанадан мүлт кетпейтін атқыш жауынгер [9, 196]. Қазақ тілінде сөздер қолданысында фонетикалық, морфологиялық қағидаттар маңызды болса да, негізінен фонетикалық қағидатқа негізделген [11, 8]. *Мирген / мерген / берген / мейген / меркет* формаларынан *м//б, р//й* секілді фонетикалық өзгерістерді аңғарамыз. Морфологиялық тұлғасы жағынан *мерген* сөзі **mer* – «подкрадываться, целиться» (жасырын көздеу) түбірінен шығу мүмкін. Мұндай гипотезалық пікірлерді нақтылау үшін әлі де болса ғылыми зерттеулердің керек екені анық.

Түркі тілдес халықтар мен олардың тілдерінде өте ертеден келе жатқан жазба дәстүр қалыптасқан [12, 10]. Шағатай тілі дәстүріне негізделген және көптеген шағатай ерекшеліктерін сақтаған мәліметтерді Қазақ хандығы тұсында жазылған дереккөздерден табуға болады [13, 71]. Қазіргі түркі лексикологиясындағы маңызды мәселелерінің бірі ретінде әрбір тілге сихронды, әрі диахронды жақтан кешенді талдаулар жүргізудің маңызды екендігін баса айтқымыз келеді. Қазіргі лингвистика саласында тіл мен мәдениет, тіл мен этнос, тіл мен саясат, тіл мен таным мәселелеріне басымдық беріліп жүрсе, тарихи лексикология саласында жазба ескерткіштердің тілін зерттеу жүргізу айрықша маңызға ие болып отыр [14, 85].

Тарихи-салыстырмалы әдістер арқылы тілдердің тарихи туыстығын, генетикалық жақындығын, ортақтар мен ұқсастықтарды айқын ажыратып алуымызға әбден болады. Сондай-ақ салыстырмалы талдаулар түркі тілдерінен өзге моңғол тілінің өзі ішінде, атап айтсақ, моңғол диалектілеріндегі, моңғол жазба ескерткіштеріндегі тілдік материалдарды салыстыру арқылы терең зерттелуі қажет.

Жалпы түркі тілдеріндегі, моңғол тіліндегі жекелеген сөздердің этимологиясына, тарихи мәтіндердегі қолданысына қатысты ғылыми тұжырымдар мен гипотезалар Р. Сыздықтың «Сөздер сөйлейді», «Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар», Ә. Қайдардың «Қысқаша этимологиялық сөздігі», Б. Сағындықұлының «Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері» секілді еңбектерде тың мәліметтер кездеседі. Бұл зерттеулерде фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерде және ауыз әдебиеті үлгілерінде сақталған мағынасы көмескіленген көнерген сөздердің мағынасы талданған, жорамал пікірлер айтылған. Түрік-моңғол тілдері деректерін негізге ала отырып, біршама сөздің түпкі мәні ашылған.

ТАЛҚЫЛАУ

Зерттеу кезінде аталмыш еңбекте кездесетін моңғол және қазақ тіліне ортақ лексикалық бірліктер іріктеліп, оларды лингвистикалық аспектіде зерттеу мақсат етілді. Сөздердің семантикасына, сөздердің этимологиясына қатысты зерттеулер жүргізгенде Ә. Қайдар мен М. Оразовтың «Түркологияға кіріспе», Б. Базылханның «Қазақ және моңғол тілдері бойынша салыстырмалы зерттеулер» атты еңбектері, «Қазақ әдеби тілінің он бес томдық сөздігі», «Древнетюркский словарь» сөздіктері негізге алынды. Кірме сөздердің, көне сөздердің шығу тегіне қатысты лингвистикалық деректер В.В. Радловтың, П.М. Мелиоранскийдің, Л.З. Будаговтың, Н.А. Баскаковтың, А.Н. Кононовтың, Қ.Қ. Жұбановтың, І.К. Кеңесбаевтың зерттеулеріне негізделіп алынды. Түркі және моңғол тілдеріне ортақ тіл бірліктерінің семантикалық ерекшелігін саралауда шетелдік түркітанушы, шығыстанушы ғалымдардың зерттеу-тұжырымдары маңызды орын алды. Оған мақаланың теориялық бөлімінде қолданылған Э.В. Севортянның «Этимологический словарь тюркских языков», Бүлент Гүлдің «Moğol atasözleri» т.б. зерттеу еңбектерін жатқызамыз.

Түркі тілдері мен моңғол тілдерінің арасындағы тілдік байланыс, ондағы ортақтықтар, айырмашылықтар жайлы деректерді сол тілдердегі тарихи шығармаларды, әдебиет үлгілерін лингвистикалық тұрғыда талдаулар жүргізу арқылы анықтаймыз. Соның нәтижесінде Әбілғазы Баһадүрдің ханның «Шежіре-и теракима» (Түркімен шежіресі) шығармасы зерттеудің нысаны ретінде алынды. Аталмыш еңбек түркі халықтары жайлы, олардың тарихы, мәдениеті, этнографиясы, фольклоры, тіпті ономастикалық атаулары жайлы көп деректерді қамтиды. XVII ғасырға тән шағатай жазба әдебиетінің соны үлгілерінің бірі. Еңбек түркі тілдері үшін, оның ішінде қазақ тілі үшін, қазақ тілінің тарихи даму сатысын саралап, санамалауда өте құнды материал болып саналады.

Зерттеу нәтижесі *нөкер* сөзінің моңғол тілінде «жолдастық, достық» мағынасында, түркі тілдерінде «қызметші, көмекші» мағынасында актив қолданыста екендігін көрсетіп отыр. Ал *олжа* сөзі, шамасы моңғол шапқыншылығынан кейін түркі тілдеріне енген сөз болуы мүмкін. Атылмыш сөздің белгілі бір дәрежеде XIV ғасырға дейінгі түркі ескерткіштерінде, атап айтқанда, М. Қашғаридің «Түрік сөздігінде» жоқтығынан осындай қорытынды жасауға болады. Осы тұста ғалым Г. Рамстедттің түркі тілдеріндегі *олжаның* моңғол тілінен шыққандығы, *ол* - / *олох* «алу, түсіру, табыс табу, иелену, қол жеткізу» етістігінен туындайтындығы жайлы гипотезасының негізді екендігін байқауымызға болады. Сонымен бірге талдауға түскен *мерген* сөзінің этимологиясына қатысты мынадай гипотезаны ұсынуымызға болады: аталмыш сөз моңғол тіліндегі **mer* – «подкрадываться, целиться» (жасырын көздеу) етістігінен туындауы мүмкін. Бастапқы мағынасы – «білікті, білгір». Қазіргі түркі тілдерінде *мерген* сөзі «мерген, атқыш, сұрмерген» мәнінде көбірек жұмсалады.

Түркітанушы, алтайтанушы ғалымдардың зерттеулеріне үңілсек, түркі тілдері мен моңғол тілдерінің ара-қатынасына қатысты мәселелер тектілдік тұрғысынан анықталар шаруа екендігін байқауымызға болады. Ең алдымен, түркі тектілін анықтап оны моңғол тектілі материалдарымен салыстыра отырып, олардың өзара тарихи байланысын айқындай аламыз. Көне түбірлерді зерделеп жинақтай келе, қос тілдік топқа кіретін түбірлерді салыстырып, сол арқылы лингвистикалық тың деректерге қол жеткізуімізге болады. Бұл жерде семантикалық та, құрылымдық та ерекшеліктерге баса назар аударылуы керек. «Шежіре-и теракима»

еңбегінде кездесетін түркі, моңғол сөздеріне этимологиялық талдау жүргізу, олардың афоризмдердегі, сөйлеу тіліндегі қолданылу аясын зерделеу моңғол тілдері мен түркі тілдерінің арақатынасын, аражігін анықтауға мүмкін береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келе, зерттеу мақалада «Шежіре-и теракима» еңбегінде кездесетін *нөкер*, *олжа*, *мерген* сөздеріне семантикалық талдау жүргізілді. Аталмыш сөздердің этимологиясына назар аударып, түркі және моңғол тілдері арасындағы ортақ түбір, ортақ грамматикалық категорияларға тоқталдық. Зерттеу кезінде дыбыстық өзгешеліктерге, морфемалық құрамына, практикалық қолданылу ерекшеліктеріне зер салдық. Сондай-ақ, аталған сөздердің түркі не моңғол тілдеріне қатыстылығы жөнінде, олардың мақал-мәтелдер, афоризмдердегі қолданысы да қарастырылды. Лексика-семантикалық талдаулар арқылы біршама тілдік деректерге қол жеткіздік. Түркітану ғылымында белгілі ғалымдардың ғылыми-теориялық көзқарастары салыстырылып, ортақ түбірлер мәселесінде тілдік тұжырымдар келтірілді. *Нөкер*, *олжа*, *мерген* сөздері қазіргі қазақ тілінде актив қолданыста екенін ескеріліп, олардың этимологиялық шығу төркінін айқындауға, ол сөздердің тарихи қалыптасу тұрғысынан түркілік, моңғолдық элемент екендігінің аражігін саралауға тырыстық.

Ортағасырлық «Шежіре-и теракима» еңбегінің лексикалық қабатын зерттеу, ондағы кірме элементтердің үлес салмағын анықтау, лексика-семантикалық сипатын айқындау, қазіргі қазақ тілі мен шағатай тілі арасындағы тарихи сабақтастықты саралау тарихи тіл білімі үшін маңызды саналады. Осы тұрғыда зерттеу мақаладағы ғылыми-теориялық тұжырымдарды түркітану, тарихи лексикология саласында тілдік материалдар ретінде ұсынуға болады. Бұл аталмыш зерттеудің практикалық маңыздылығын көрсетеді.

Әбілғазы Баһадүр ханның «Шежіре-и теракима» (Түркімен шежіресі) шығармасы лексикалық қоры жағынан қазіргі қазақ тіліне өте жақын. Ортақ тіл бірліктері, дыбыстық сәйкестіктер, морфологиялық құрылымы жағынан түркі тілдері ішінде қазақ тіліне жақын болғандықтан тарихи сабақтастықта қарауымызға негіз болды. Ондағы араб, парсы, қытай, моңғол сөздері әлі де жігі зерттеулерді талап етері күмәнсіз. Сонымен қатар түркі және моңғол сөздерін салыстыра отырып талдаулар жүргізу мақаланың лингвистикалық маңызы бар екенін байқатады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Abylova G.E., Aripzhan G.Zh. The concept of time in the ancient Turkic written monuments // Еуразия гуманитарлық институты Хабаршысы – 2023. №3. Б. 7-19.
- 2 Ölmez Z.K. Ebulgazi Bahadır Han Şecere-i Terakime (Türkmenlerin Soykütüğü). – Ankara: «Şafak Matbaacılık», 1996. – 559 s.
- 3 Базылхан Б. Монгол-казах толь. Улаанбаатар-Өлгий. 1984. – 885 б.
- 4 Кононов А.Н. Родословная туркмен. Сочинение Абул-л-Гази-хана Хивинского. – М., Ленинград, 1958. – 200 с.
- 5 Кульганек И.В. Монгольские пословицы и поговорки. Исследование, перевод, комментарий. – СПб.: Петербургское Востоковедение, 2017. – 184 с.
- 6 Bülent Gül. Moğol atasözleri // Türkbilig – 2003. №5. – S. 45-64.
- 7 Фасмер М. Этимологический словарь русского языка. В 4т. Т. (Е – Муж) / Пер. с нем. и доп. О.Н.Трубачева. – 2-е изд., стре. – М., 1986. – 864 С.
- 8 Надеяев В.М., Насилов Д.М., Тенишев Э.Р., Щербак А.М., Боровкова Т.А., Дмитриева Л.В., Зырин А.А., Кормушин И.В., Летягина Н.И., Тугушева Л.Ю.Л., Древнетюркских словарь. 1969. – 677 с.
- 9 Манкеева Ж., Бизаков., Жүнісбек Ә. және т.б. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 11-том. – М – О. Алматы, 2011. – 752 б.

10 Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. Общeturкские и межтуркские основы на гласные. М., 1974. – 768 С.

11 Bazarbayev Z.M., Chukayeva T.K. The phonematic principle of the Kazakh script based on latin graphic // Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Филология сериясы – 2023. №1 (142). – Б. 8-14.

12 Alimbayev A.E., Daurenbekova L.N., Kemenger K.R., Imanberdiyeva S.K., Bashirov N.K. The Idea of Eternal Country in the First Epic Poems of the Turkic People // Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanitiesthis link is disabled – 2020. №12 (4). pp. 1-11.

13 Uldanay Jumabay. Düysenali Abdilaşim. The Old Kazakh written language // Ural-Altai Studies – 2020. №4 (39). pp. 71-76.

14 Kenzhalin K.K., Konyratbayeva Zh., Satemirova D., Abdualiuly B., Eastern and Western Linguocultural Map: Similarities and Peculiarities (Based on Linguocultural Research) // International Journal of Society, Cultural & Language – 2021. №9 (2). pp. 85-97. URL-адрес: https://www.ijscsl.net/article_246570_4aee18bc09a9c4364df5dc066e1a2e68.pdf

Материал 07.10.2023 баспаға түсті

Семантические особенности слов нокер, олжа, мерген, встречающиеся в труде «Шежире-и теракиме»

Д.А. Балтабай

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, 010000, Республика
Казахстан

Изучение природы тюркско-монгольского языкового объединения, т. е. проблема определения генетического родства, взаимоотношений, влияния друг на друга тюркских и монгольских языков, составляет основу исследований алтаеведческой направленности. В исследуемой статье рассматриваются семантические особенности слов нокер, олжа, мерген, встречающиеся в работе «Шежире-и теракиме». Изучается употребление анализируемых слов в переносном или буквальном смысле, фонетические, морфологические особенности тюркских и монгольских языков. Речь идет об исторической преемственности, межъязыковой связи, общем корне между тюркскими и монгольскими языками. Также проводится сравнительный анализ относительности слов нокер, олжа, мерген к тюркским и монгольским языкам, их употребления в составе пословиц и афоризмов, семантической близости и расхождения. В ходе исследования даются научно-теоретические заключения, основанные на исследованиях, научных мнениях ученых-алтаистов, тюркологов. «Шежире-и теракиме» - средневековое произведение, написанное на чагатайском языке. В его лексическом слое, помимо тюркских, монгольских элементов, встречаются арабские и персидские слова. В историческом языкознании до сих пор на гипотетическом уровне рассматриваются научные взгляды, связанные с историческим становлением, проникновением монголизмов в тюркские языки.

Ключевые слова: лексический слой, семантика, этимология, алтайские языки, тюркские языки, монголизмы.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Abylova G.E., Aripzhan G.Zh. The concept of time in the ancient Turkic written monuments (Понятие времени в древнетюркских письменных памятниках) // Вестник Евразийского гуманитарного института – 2023. №3. – С. 7-19.

2 Ölmez Z.K. Ebulgazi Bahadır Han Şecere-i Terakime (Абулгази Бахадыр Хан Генеалогия туркмен). – Анкара: «Şafak Matbaacılık», 1996. – С. 559.

3 Базылхан Б. Монгол-казах толь. Улаанбаатар-Ульгий. 1984. – С. 885.

- 4 Кононов А.Н. Родословная туркмен. Сочинение Абул-л-Гази-хана Хивинского. – М., Ленинград, 1958. – С. 200.
- 5 Кульганек И.В. Монгольские пословицы и поговорки. Исследование, перевод, комментарий. – СПб.: Петербургское Востоковедение, 2017. – С. 184.
- 6 Bülent Gül. Moğol atasözleri (Монгольские пословицы) // Türkbilig – 2003. №5. – С. 45-64.
- 7 Фасмер М. Этимологический словарь русского языка. В 4т. Т. (Е – Муж) / Пер. с нем. и доп. О.Н.Трубачева. – 2-е изд., стре. – М., 1986. – С. 864.
- 8 Надеяев В.М., Насилов Д.М., Тенишев Э.Р., Щербак А.М., Боровкова Т.А., Дмитриева Л.В., Зырин А.А., Кормушин И.В., Летягина Н.И., Тугушева Л.Ю.Л., Древнетюркских словарь. 1969. – С. 677.
- 9 Манкеева Ж., Бизаков., Жунусбек А. и др. Словарь казахского литературного языка. В пятнадцати томах. Том 11. – М – О. Алматы, 2011. – С. 752.
- 10 Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. Общетюркские и межтюркские основы на гласные. М., 1974. – С. 768.
- 11 Bazarbayev Z.M., Chukayeva T.K. The phonematic principle of the Kazakh script based on latin graphic (Фонематический принцип казахской письменности основан на латинской графике) // Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева. Филологическая серия – 2023. №1 (142). С. 8-14.
- 12 Alimbayev A.E., Daurenbekova L.N., Kemenger K.R., Imanberdiyeva S.K., Bashirov N.K. The Idea of Eternal Country in the First Epic Poems of the Turkic People (Идея «вечной страны» в первых эпических поэмах тюркских народов) // Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanitiesthis link is disabled – 2020. №12 (4). С. 1-11.
- 13 Uldanay Jumabay. Düysenali Abdilaşim. The Old Kazakh written language (Дуйсенали Абилашим. Древнеказахский письменный язык) // Ural-Altai Studies – 2020. №4 (39). С. 71-76.
- 14 Kenzhalin K.K., Konyratbayeva Zh., Satemirova D., Abdualiuly B., Eastern and Western Linguocultural Map: Similarities and Peculiarities (Based on Linguocultural Research) (Восточная и Западная лингвокультурные карты: сходства и особенности (на основе лингвокультурных исследований)) // International Journal of Society, Cultural & Language – 2021. №9 (2). С. 85-97.

Материал поступил в редакцию журнала 07.10.2023

Semantic features of the words noker, olzha, mergen, found in the work "Shezhire-i terakime"

D.A. Baltabay

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, 010000, Republic of Kazakhstan

The study of the nature of the Turkic-Mongolian language association, i.e. the problem of determining the genetic relationship and the influence of the Turkic and Mongolian languages on each other, forms the basis of Altaic studies. The research article examines the semantic features of the words olzha, noker, mergen, found in the work "Shezhire-i terakime". The semantic features (figurative and literal meanings) of these words, the sound, morphological, lexical-semantic nature of language units common to Turkic and Mongolian languages. Reflects scientific opinions, conclusions about historical continuity, relationships between the Turkic and Mongolian languages, common roots for these languages. We are also talking about the use of the analyzed olzha, noker, mergen as part of proverbs, proverbs and sayings in the Turkic, Mongolian languages, lexicon - semantic commonalities and differences. The research provides scientific and theoretical conclusions based on research, scientific opinions of scientists-Altaists, Turkologists. "Shezhire-i terakime" is a medieval work written in the Chagatai language. In addition to Turkic and Mongolian elements, Arabic and Persian words are found in its lexical layer. In historical linguistics, scientific views related to the historical formation and the penetration of Mongolisms into the Turkic languages are still being considered at a hypothetical level.

Key words: lexical layer, semantics, etymology, Altaic languages, Turkic languages, mongolisms.

REFERENCES

- 1 Abylova, G.E., Aripzhan, G.Zh. (2023), *The concept of time in the ancient Turkic written monuments, Eurazia gumaitarlyq instituty Habarşysy* [Bulletin of the Eurasian Humanities Institute], 3. [in English]
- 2 Olmez Z.K. *Ebulgazi Bahadır Han Şecere-i Terakime (Türkmenlerin Soykütüğü)* [Pedigree of Turkmens], (Ankara, 1996).
- 3 Bazylkhan, B. (1984). *Mongol-kazakh tol* [Mongol-Kazakh tol], Ulaanbaatar-Olgi.
- 4 Kononov, A.N. (1958), *Rodoslovnaia turkmen. Sochinenie Abu-l-Gazi-hana Hivinskogo* [The pedigree of the Turkmens. The work of Abul-Ghazi Khan of Khiva], Moskva – Leningrad.
- 5 Kulganek, I.V. *Mongolskie poslovisy i pogovorki. Issledovanie, perevod, komentari* (2017), [Mongolian proverbs and sayings. Research, translation, comentary], St. Petersburg.
- 6 Bülent Gül. *Mogol atasözleri* (2003), [Mongolian proverbs], Turkbilig, 5.
- 7 Fasmer, M. *Etimologicheski slovar ruskogo iazyka* (1986), [Etymological dictionary of the Russian language], Moscow.
- 8 Nadelaev, V.M., Nasilov, D.M., Tenishev, E.R., Sherbak, A.M., Borovkov, T.A., Dmitrieva, L.V., Zyrin, A.A., Kormushin, I.V., Letagina, N.I., Tugusheva, L. *Drevneturkski slovar* (1969), [Ancient Turkic Dictionary], Leningrad.
- 9 Mankeeva, J., Bizaqov, S., Junisbek, A. *Qazaq abebi tilining sozdigi* [Dictionary of the Kazakh literary language] (Almaty, 2011).
- 10 Sevortian, E.V. *Etimologicheski slovar turkskih iazykov* (2011), [Etymological dictionary of Turkic languages], Moscow.
- 11 Bazarbayeva, Z.M., Chukayeva, T.K. The phonematic principle of the Kazakh script based on latin graphics, L.N.Gumilev atyndaғы Eurazia ulttyq universiteti. Filologia seriasy [Bulletin of the Eurasian National University named after L.N.Gumileva. Series Philology], 1 (142), pp. 8-14 (2023). [in English]
- 12 Alimbayev, A.E., Daurenbekova, L.N., Kemenger K.R., Imanberdiyeva S.K., Bashirov N.K. The Idea of Eternal Country in the First Epic Poems of the Turkic People, Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanitiesthis link is disabled, 12 (4), pp. 1-11 (2020). [in English]
- 13 Uldanay, J. Düysenali Abdilaşim. The Old Kazakh written language, Ural-Altai Studies, 4 (39), pp. 71-76 (2020). [in English]
- 14 Kenzhalin, K.K., Konyratbayeva, Zh., Satemirova, D., Abdualiuly B. Eastern and Western Linguocultural Map: Similarities and Peculiarities (Based on Linguocultural Research), International Journal of Society, Cultural & Language, 9 (2), pp. 85-97 (2021). Available at: https://www.ijscs.net/article_246570_4aee18bc09a9c4364df5dc066e1a2e68.pdf [in English]

Received: 07.10.2023